

кіріктіруді ескере отырып көрсетілген күндерге деин немесе кейін аздаған сағат санымен оқыту қажет. Бұл ретте, қосымша сағаттар бөлінбейді. Журналдарда біріккен сабактар тақырыбы бір жолда көрсетіледі. Бұл жағдайлар мұғалімдердің жалакысына әсер етпейді, оку сағаттары берілген деп есептеледі.

Бұл ретте оңай мақсаттарды қарастырып, жазба жұмыстарын жоспарламаған жөн. Білім беру үйимы басшысының бұйрығы негізінде бұл өзгерістерді электрондық журналдар жүйесінде техникалық колдау арқылы көрсетіледі.

Сыртқы және ішкі бақылауды жүргізу кезінде осы бұйрық негіз болады. «Меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстырығына қарамастан, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйимдарына окуға қабылдау тәртібі, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі, білім беру үйимдарына құжаттарды қабылдау және окуға қабылдау, балаларды бастауыш білім беру үйимдары арасында ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау, негізгі орта және жалпы орта білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйимдарына окуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» КР БФМ 2018 жылғы 12 казандығы № 564 бұйрығы негізінде жүзеге асырылады (2020 жылғы 7 тамыздағы №332 өзгерістерімен және толықтыруларымен)

<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800017553>.

Білім беру үйимдарындағы оқу процесі таңдал алынған Үлгілік оқу жоспарлары негізінде жүргізіледі.

Үлгілік оқу жоспарлары КР БФМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (2021 жылғы 25 наурыздағы № 125 бұйрықпен енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен) 2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрығына сәйкес бекітілген).

**ТАНДАУ ҰШІН 2018 ЖЫЛДАН БАСТАП ҚОЛДАНЫСҚА ЕҢГІЗІЛГЕН
ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЛАРЫ ҰСЫНЫЛАДЫ**
(КР БФМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы (2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрықпен өзгертулер мен толықтырулар енгізілген).

Төмендетілген оқу жүктемесімен үлгілік оқу жоспарлары (оқыту тілдері, бейіндері, оқыту түрлері бойынша) 1 жалпы білім беретін мектептерге арналған – 12, оның ішінде: бастауыш білім беру деңгейіне – 3 (оқыту тілдері бойынша №11-13 қосымшалар), негізгі орта білім беру деңгейіне – 3 (оқыту тілдері бойынша №16-18 қосымшалар), жалпы орта білім беру деңгейіне – 6 (оқыту тілдері және бейіндік бағыттар бойынша №21-26 қосымшалар)

Төмендетілген оқу жүктемесімен үлгілік оқу жоспарлары бойынша әзірленген үлгілік оқу бағдарламалары КР БФМ 2020 жылғы 27 қарашадағы №496 бұйрығымен бекітілген (www.nao.kz). Меншік және оқыту түріне қарамастан, білім беру үйимдарына оқу процесін жүзеге асыруда педагогикалық кеңестің шешімі негізінде Үлгілік оқу жоспарын тандауға академиялық еркіндік беріледі

«Педагог мәртебесі туралы» КР Заңын және «Кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» КР Заңын іске асыру аясында орта білім беру үйимдары педагогтерінің бір аптаға нормативтік оқу жүктемесі 16 сағатқа дейін төмендетілді.

Мұғалімдердің оқу жүктемесін тарифтеу оқу процесін жоспарлаудың негізгі параметрі болып табылады.